ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТЫ

ДЕПУТАТ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «___»_____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«___» _____ 20 __ года

2025 жылғы 5 ақпанда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Еліміз балық шаруашылығының айтарлықтай қуатты қорына ие.

Қазіргі кезде 1400 балық шаруашылығы субъектілері жыл сайын 50 мың тонна балық аулайды және оны өңдейтін 72 кәсіпорын жұмыс істейді, солардың ішінде тек 17-сі ғана жоғары стандарттарға сай болып тұр.

Бұл саланы реттеп, оның дамуына серпін беретін мемлекеттік бағдарлама іске қосылғанымен, шешілмеген мәселелер жетерлік.

Бірінші: Қазіргі уақытта балық ресурстарының өсімін молайту бойынша мемлекеттік зауыттардың, питомниктердің өндірістік базасы тозған, технологиялары ескірген, еңбек өнімділігі төмен және инновациялық белсенділігі әлсіз.

Жыл басында өңірлерге жасаған іс-сапарым кезінде бір топ балық өсірушілермен кездесіп, Атырау бекіре балық өсіру зауытының жұмысымен танысқан болатынмын.

Бұл зауыттың өндірістік базасы 1970 жылдары салынған. Сол уақыттан бері күрделі жұмыстар жүргізілмей, инновациялық технологиялар өндіріске енгізілмеген.

Ал, Петропавл балық питомнигі өткен жылғы су тасқыны салдарынан толықтай су астында қалған болатын, сол уақыттан бері оны қалпына келтіру

бойынша жұмыстар жүргізілмеген. Қазіргі уақытта кәсіпорынның ғимараттары апатты жағдайда, әрі қарай жұмыс істеуге жарамсыз.

Балық шабақтары өсімін жасанды молайту жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын небәрі 4 мемлекеттік кәсіпорынның екеуінде осындай мүшкүл жағдай орын алуда.

Мемлекеттік кәсіпорынға мемлекеттің көңіл бөлмегені қалай?

Екінші мәселе. Кадр саясаты мен еңбекақы мөлшеріне қатысты.

Қазіргі уақытта балық шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындарда шамамен 12 мыңға жуық адам қызмет жасауда.

Сол мамандарды даярлайтын бес жоғары оқу орындары бар. Бұл университтерде өткен жылы бөлінген 120 білім грантының тек 20-сы ғана игерілген.

Жастарға бұл сала тартымды болып тұрған жоқ, себебі еңбекақы мөлшері аз және жұмыс жағдайы дұрыс ұйымдастырылмаған.

Қатардағы қызметкерлердің айлығы 120 мың теңге, ал жұмыс орны қажетті құрал жабдықтармен толық қамтылмаған.

Осы сұрақтарды қолға алатын, саланы ретке келтіретін бүгінгі күнге дейін Комитеттің басшысыда әлі тағайындалмаған.

“Балық басынан шіриді” деген мақалды осы жерде қолдануға болатын шығар.

Үшінші мәселе. Мемлекеттік қолдау шараларына қатысты.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, Қытай елі балық шаруашылығы саласына 3,8 млрд., Жапония 1,2 млрд. доллар, ал Канадада 1 балықшыға 5 700 доллар бөледі екен.

Ал бізде Ауыл шаруашылығы министрлігі барлық салаға бөлген бюджет 646,6 млрд. теңгені құрап отыр, оның 2,3 млрд. теңгесі ғана балық шаруашылығына тиесілі. Ол барлық бюджеттің тек 0,4% ғана құрайды.

Осыған қарап, Үкіметтің балық шаруашылығына деген көзқарасын байқауға болады. Осындай қарқынмен акваөсіру бағытын қалай дамытамыз?

Жоғарыда айтылғандарды ескере, келесі шараларды ұсынамыз.

Біріншіден, Ұлттық экономика министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп мемлекеттік балық зауыттарымен питомниктердің материалдық-техникалық жабдықталуына ревизия жасап, нәтижесіне сәйкес мемлекеттік инвестициялық бағдарлама аясында қаржыландыруды және субсидиялауды дұрыс жолға қою.

Екіншіден. Ауыл шаруалығы, Қаржы министрліктері қатардағы қызметкерлердің жалақы мөлшерін қайта қарап, оны көтеру бойынша жұмыс атқаруы қажет.

Үшіншіден. Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік қолдауды барлық бағыттарға квота бойынша бір деңгейде бөлуі қажет, ол қаражат игерілмесе, оны саланың басқа бағыттарына беру керек.

«Ауыл» партиясы
фракциясының депутаттары

Жигули Дайрабаев

Серік Егізбаев

Анас Баққожаев

Аян Зейнуллин

Қарақат Абден

Николай Арсютин

Ерболат Саурықов

Таңсауле Серіков

Орын: Жұмаділов Д.Е.
Тел: 74-67-67
zhumadilov@parlam.kz